

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы

«Қазақ тілі» пәні бойынша
қорытынды бақылау бағдарламасы
код K(R)Ya, ID 1106

6B02312 - Орыс тілі шет тілі ретінде
білім беру бағдарламасы
бакалавриат

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 5

Алматы 2026

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын аға оқытушы **Ахметалиева Гулшат Уабиденқызы** құрастырды.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы **6B02312 - Орыс тілі шет тілі ретінде** білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді.

А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында қаралып ұсынылды.
№1 хаттама, 29 тамыз 2025 жыл.

А. Байтұрсынұлы атындағы
қазақ тіл білімі кафедрасының
меңгерушісі



А.Ж. Амиров

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты: Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру.

Күтілетін оқыту нәтижелері:

1. Қарым-қатынаста кез келген тақырыпта еркін сөйлеп және сауатты жазып, ойын дәлелді айтып, талқыға түсіп, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту пікірлесе білуге, түйінді ой айта білуге қабілетті болады;
2. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;
3. Әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға, өзіндік ой-қорытынды жасауға;
4. Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазуға;
5. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;
6. Интернет-ресурстар арқылы берілген кез келген ақпараттарды, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, өз ойын еркін жеткізуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:

1. Менің университетім
2. Тәуелдік жалғау (көпше).
3. Менің өлкем (My Native Land)
4. Жіктік жалғау (көпше)
5. Көлікте (In transport).
6. Сұраулы сөйлем (Interrogative sentence). Жалпы және арнайы сұрақтар (General and special questions).
7. Уақыт сұрау (Time), 1. 1-10-ға дейінгі 10-1000.сандарды қолдана алу.
8. Есептік сан есім (Cardinal numerals) Жатыс септік (Local case) кімде/қайда, не/кім, бар/жоқ. Бар/жоқ/аз/көп сөздерінің қолданылуы.
9. Менің демалыс күнім (My free day)
10. Етістіктің райлары (Verb's forms). Бұйрық рай (Imperative).
11. Мерекелер.Наурыз мерекесі. Бата-тілектер
12. Мезгіл үстеу (Time adverb) Мезгіл мәнді сөйлемдердің құрылуы (Making a sentence using adverbs of time)
13. Ұлттық тағамдар (National Food)
14. Жедел (анық) өткен шақ (жекеше) (Obvious past tense (singular)
15. Азық -түлік дүкені (Grocery store)
16. Шығыс септік (Genitive case). Ауыспалы осы шақ (көпше) (Transitional present tense (plural))
17. Асханада (In canteen)

18. Табыс септік (Accusative case)
19. Етістіктің нақ осы шақ (Present continuous tense) болымды/болымсыз түрі
20. Мен болашақ дәрігермін (I am a future doctor)
21. Көмектес септік (Instrumental case). Керек, қажет сөздерінің қолданылуы (The usage of modal verbs)
22. Менің досым (My Friend)
23. Есімдіктер (Pronouns) Сілтеу есімдіктері (Demonstrative pronouns) Сұрау есімдіктері (Interrogative pronouns).
24. Менің туған күнім (My birthday)
25. Бұрынғы өткен шақ (жекеше) (Former Past Tense (singular))
26. Мұражайда (In the museum)
27. Бұрынғы өткен шақ (көпше). (Former Past Tense (plural))
28. Театрда (At the theatre)
29. Жедел өткен шақ (көпше) (Immediate past tense (plural))
30. 1-1000 есептік сан есімдерді пайдалана отырып, 20 сөз тіркесін жазу

Негізгі әдебиеттер:

1. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2012. -164б.
2. Салкынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Базалық деңгей: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017. - 282 б.
2. Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы, 2015. - 112 б.
3. Ерназарова, З.С. Күзекова, А.О. Тымболова. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағышы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 300 б.
4. Мұсаева Г. Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап.– Астана:Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015 – 242 бет.
6. Күзекова З.С. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. – Нұр-Сұлтан: 2020. -175 б.
7. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (A1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 122 б.

Интернет ресурстары:

1. Қазақ тілі шетелдіктер үшін. <https://www.youtube.com/channel/UC4zbtSIXqFDJfAcPDn-Sc5Q> Қазақ тілін ағылшын тілі арқылы оқыту сабақтары. Максат Иманғазының видеоарнасы.
2. <https://www.kaz-tili.kz/> «Казахский язык. Грамматика: просто о сложном». Т.Валяеваның қазақ тілін үйренуге арналған сайты. Сайтта грамматика, грамматикалық кестелер мен грамматикалық, практикалық жаттығулар берілген.
3. <https://tilqural.kz/> Қазақ тілін деңгейлік оқыту сабақтары.
4. <https://sozdik.kz/> Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік.
5. <https://soilem.kz/> Орысшадан қазақша аудару.
6. <https://emle.kz/> Қазақ сөздерінің жазылуы, емлесі, орфографиясы, пунктуациясы туралы ақпарат.
7. <http://learn101.org/kazakh.php> Қазақ тілінің лексикасы (аудиосымен), грамматикасы, қазақша фразалар (аудиосымен) беріледі.
8. <http://qazaqtili.el.kz/kazak-tili/> Қазақ тілі. Қарапайым, орта, жоғары деңгейлер бойынша 12, 14, 10 тарау, 60 сабақ берілген.
9. <https://www.soyle.kz/> Soyletube - уроки казахского языка. Разговорный казахский для начинающих. Видео-сабақтар.

Программалық жабдықтау:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru> платформасы

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША OFFLINE

- 2.1. Емтихан формасы: стандартты жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ
- 2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша түрде нақты жеткізе білу, өз көзқарасын дәйекті түрде дәлелдеу.
- 2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:
Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқыту нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:
- 1-ші сұрақ: 1-критерий. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы.
- 2-критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіруі және растауы.
- 2-ші сұрақ: 3-критерий. Тандалған әдістеме мен технологияны практикалық тапсырмаларда қолдануы.
- 4-критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешуі және мәнін ашу қабілеті.
- 3-ші сұрақ: 5-критерий. Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау жасау қабілеті.
- 6-критерий. Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.
- 2.4. Емтихан өткізу рәсімі.
- 2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
- 2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.
- 2.4.3. Білім алушының орнына бөгде адам жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.
- 2.4.4. Емтиханға кешігіп келуге жол берілмейді.
- 2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінезқұлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
- 2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы: 1) емтихан жұмыстарын жинайды; 2) әр жұмыста жауап парақтарындағы жұмыстарды жазудың аяқталу белгісі - Х әрпін қояды; 3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.
- 2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды деканат маманына ұсыну кешіктірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.
- 2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.
- 2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасымен бағаланады.
- 2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.
- 2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.
- 2.4.12. Емтиханда осы Қағидаларды қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің

Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Қазақ тілі Форма: Жазбаша офлайн Платформа: Univer АЖ

ДЕСКРИПТОРЛАР					
№	Бағал	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 % 0-24 %
1-сұрақ	Критерий 1. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сыпаттау мен түсіндірудің қисындылығы	"Өте жақсы" деген баға сұрақтың толық ашылғанын, әр тұжырым мен ойдың егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтардан құрастырылған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	"Жақсы" деген баға сұрақтың барынша толық, бірақ терең емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады. материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуда мүмкіндік беріледі. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жауаптары үшін қойылады, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндалма композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға сонымен қатар негізгі ұғымдарды, теорияларды білмегені үшін; қорытынды бақылау ережелерін бұзғаны үшін қойылады.
2-сұрақ	Критерий 2 Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.	Жауап мысалдармен суреттелген; сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Жауап нақты мысалдармен толық растамаған. Кейбір дәлелсіздіктер бар.	Студент теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардан алынған мысалдармен дәйектемейді.	Оқу курсының негізгі түсініктері қате түсіндіріледі.
	Критерий 3. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жазбаша жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелсіз жауап беру; курс бойынша ғылыми стиль нормаларын сауатсыз пайдалану.	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлелсіздіктерге жол береді, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын нормадан асатын қателіктермен кемшіліктер.
	Критерий 4. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу	Ғылыми ұғымдар қойылған тапсырманы шешуде еркін қолданылады, негізгі проблеманы логикалық және	Студенттің білімі бойымделген; жауаптар жеткіліксіз құрылымдалған, жауапта	Ғылыми мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көшілігіне студентке жауап беру	Студент материалды толық игерген жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын

	және мәнін ашу	дәлелді түрде түсіндіреді.	жетекші сұрақтың арқасында өзінің түзете алатын фактілік қателер бар.		қиялға соғалы немесе дұрыс жауап бермейді.	бұзу.
3-сұрақ	Қритерий 5. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми стиль нормаларын сақтау, Материалды ұсынуға тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлелдікке жол берілді.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлелдікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол берілді, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилстикалық қателіктер, грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлелсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмады.
	Қритерий 6. Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, соның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен алынған мысалдармен көріктелді.	Емтихан білеті мәселесі бойынша өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздей отырып, қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың 3-4 ережелерін кейбір дәлелсіздіктермен талдау	Оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін жеткіліксіз қолдану, оны жазбаша өз бетінше сипаттау кезінде қиындықтар туындайды.	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауап беру кезінде қиындық туындайды.	Мысал келтіру кезінде курста оқылған әдістерді қолдану қабілетінің болмауы. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.

Қорытынды баллды есептеу үлгісі

№	Балл	Өте жақсы 90-100 %	Жақсы 70-89 %	Қанағаттанарлық 50-69 %	Қанағаттанарлықсыз	
					25-49 %	0-24 %
	Критерий					
1.	Критерий 1	100				
2.	Критерий 2		75			
3.	Критерий 3			60		
4.	Критерий 4				45	
5.	Критерий 5	100				
6.	Критерий 6				49	
	Итогоый %	200	75	60	94	200+75+60+94 = 429 429 / 6 критерий = 71,5 Қорытынды балл (%) = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздық көрсеткішке сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.
Қорытынды 72 балл, 70 баллдан 89 баллға дейінгі аралықта тұрған соң, бұл бағалау шкаласына сәйкес "Жақсы" санатына сәйкес келеді.

Осылайша, емтихан білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып есепке алудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 баллға, яғни "жақсы" деп бағаланады.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитеттің төрағасы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер

А.А. Аккузова

А.Ж. Амиров

Г.У. Ахметалиева.

